

020108, Ақкөл ауданы
Рамадан ауылы, Бейбітшілік 18
Тел: 87163824510

020108, Ақкольский район
село Рамадан, Бейбітшілік 18
Тел: 87163824510

БҰЙРЫҚ № 21
14.03.2024ж.
с.Рамадан

ПРИКАЗ №21
14.03.2024г.
с.Рамадан

“2023-2024 оқу жылының аяқталуы және Рамадан ауылының негізгі орта мектебінің 9 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы”

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304 және Ақмола облысы білім басқармасының 2023 жылғы 05 қазадағы № 378 бұйрығына, Ақкөл ауданы бойынша ББ 2023 жылғы 06 қазандағы №326 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтары 2024 жылғы 31 мамырда аяқталсын
 - 2) 9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары - 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында өткізілсін;
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9 сынып білім алушылары үшін :
 - 1) қазақ/тілі мен әдебиеті бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан - 2024 жылғы 29 мамыр;
 - 2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2024 жылғы 03 маусым;
 - 3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2024 жылғы 06 маусым;
 - 4) таңдау пәні Қазақстан тарихы бойынша жазбаша емтихан - 2024 жылғы 10 маусым.

3.Емтихан қабылдау және емтихан құжаттарын тексеру үшін комиссия мына құрамда құрылсын. Комиссия төрағасы: мектеп директоры – Таханова Р.М

Комиссия мүшелері:

Жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі - Омирбек М

Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі -
Рамазанова Г.М

Гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі - Ардабайұлы Б
ата-аналар комитетінің төрайымы –Уразбаева С.К

4. Даулы мәселелер туындаған жағдайда емтихан қабылдау және емтихан құжаттарын тексеру үшін апелляциялық комиссия мына құрамда құрылсын.

Комиссия төрағасы: мектеп директоры –Таханова Р.М.

Комиссия мүшелері: балалықты қорғау инспекторы –Рамазанова Г.М

ата-аналар комитетінің төрайымы –Уразбаева С.К

5.2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін

6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау іс жүргізуші Икимова А.А жүктелсін

Мектеп директоры:



Р.Таханова